

Дикандардың өнімі пісіп, қамбаға түсе бастағанда азық-түлік бағасының төмендейтіні бар. Биыл бұл жағдай ерте бастан қарқын алды. Үкіметте өткен жында бірінші жартыжылдықтағы инфляция қорытындысын сараптағандар осындай ақпаратты сүйіншіледі.

ӨНІМ БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Олардың айтуынша, ерте піскен өнімді жаппай жинау басталысымен, алдын ала күтілгендей, әлеуметтік маңызы бар көкөністер бағасының өсуі тоқтап қана қоймай, төмендей бастаған.

– Егер сәуірде әлеуметтік өнімдердің орташа баға индексі 1,6 пайызды құраса, мамырда өсу қарқыны 1 пайызға, ал маусымда 0,7 пайызға төмендеді. Соңғы аптада өсім небары 0,1 пайыз болды. Сонымен қатар үш апта қатарынан картоп бағасының 1,3 пайызға төмендеуі байқалды. Өткен аптадан сәбіз бағасы 0,9 пайызға арзандады. Күріш, қарақұмық, жұмыртқа, ұн мен макорон өнімдерінің бағасы түсіп жатыр. Нан мен сүт бағасы тұрақты болып тұр, – деді сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова.

Елімізде отандық азық-түлік өндірісі артып келеді. 2025 жылдың 5 айында оның көлемі 10,5 пайызға өсіп, 1,5 трлн теңгені құрады. Әлеуметтік азық-түлік тауарларының ішінде ең көп өсім қантқа тиесілі. Мәселен, 4,6 мың тоннадан 64 мың тоннаға дейін сатылған. Ал өсімдік майы 316,3 мың тоннадан 376,8 мың тоннаға дейін, сары май 13 мың тоннадан 15 мың тоннаға дейін, ұн 1,3 млн тоннадан 1,4 млн тоннаға дейін, ашытылған сүт өнімдері 102 мың тоннадан 106 мың тоннаға дейін, өңделген сүт 264 мың тоннадан 274,6 мың тоннаға дейін сатылған. Сондай-ақ, спикерлер Қазақстан ЕАЭО елдері арасында әлеуметтік азық-түліктерге ең қолжетімді бағаға ие екенін алға тартты.

Жиында Қазақстан ЕАЭО елдері арасында азық-түліктің қолжетімділігі бойынша жетекші орынды сақтап отырғаны жайлы айтылды. ЕАЭО елдеріндегі әлеуметтік маңызға ие азық-түлік тауарларының нарықтық бағасын салыстырмалы талдау олардың Қазақстанда анағұрлым қолжетімді екенін көрсетті. Атап айтқанда, Қазақстанда тауық жұмыртқасы, ұн, нан, құнағасы майы, тұз, күріш, картоп, қырықабат, піяз, сәбіз бағасы бойынша ең төмен баға тіркелген.

Ал, қарақұмық, қант, сиыр еті және сүт бағасында Қазақстандағы бағалар Беларусьтегі бағаға жақын. Сары май бойынша еліміз Беларусь пен Қырғызстаннан кейін үшінші орында, ал құс еті бойынша Беларусь пен Ресейден кейін екен.

Жиынға қатысушылар коммуналдық қызметтердің тарифіне де тоқталды. Ақилы қызметтер бірінші жартыжылдықта инфляция өсімінің негізгі факторы болды (16,1%). Осыған байланысты Үкімет коммуналдық қызметтер тарифінің өсу қарқынын реттеу туралы шешім қабылдады. Тарифтің өсуін ішінара кейінге қалдырды. Бұл азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтуға және инфляция деңгейін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

«Ақмешіт-ақпарат»



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

12 шілде
сенбі

№51 (2164)

2025 жыл

апталығы

ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен су, балық шаруашылығы, ветеринария қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен сала қызметкерлері қатысты.



Аймақ басшысы су, балық, мал шаруашылығы және ветеринария салаларында атқарылған жұмыстарды саралап, жиналған жұртшылықты кәсіби мерекемен құттықтады.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді. Бұл – экономикалық тұрақтылық пен

әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің ролін күшейтудегі стратегиялық кадам. Күні кеше Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы су шаруашылығы қызметкерлерін Ақорлада қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлестеріміз, сала ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденімен, «Шиелісуар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров, «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Максұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен наградталды. Бұл – аймағымыздағы су



шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға берілген жоғары баға.

Алаштың анасы атанған Сыр елі еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал да адал жандарға, еңбек аламдарына кенде емес. Біз еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын жастарға үлгі-өнеге етуді дәстүрге айналдырып келеміз. Бұл – біздің басты парызымыз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Салтанатты шарада «Құрмет» орденімен су шаруашылығы саласының ардагері Бегеш Жакып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Қазылы су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы Болат Асербаев, «Су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен ардагер Әділхан Қарлыханов марапатталды.

Саланың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қызметкерге ҚР Премьер-министрінің Алғыс хаты, «Балық шаруашылығы саласына еңбек сіңірген қызметкер» құрметті атағы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалі, «Су шаруашылығының ардагері» және «Қазақстан Республикасы су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрлерінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Іс-шарада сала мамандарына 42 қызметтік автокөлік пен 65 арнайы техниканың кілті берілді.

Аян СПАНДИЯР

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Сәуле ҚҰЛАХМЕТҚЫЗЫ, «Әділет» республикалық тарихи-ағарту қоғамының атқарушы директоры, мәдениеттанушы, Қазақстан Суретшілер одағының және кинематографистер одағының мүшесі:

Қоңырқожа Қожықовтың ел үшін еткен еңбегі әлі де насихатталса деймін



Әр қаланың өзіне тән тарихы, атауымен сабақтас тағылымы болады. Қызылорда атауы алғаш рет 1925 жылдың 15-19 сәуір аралығында өткен Қырғыз (Қазак) АССР Кеңестерінің V съезінде ұсынылған. Бұл тарихи ұсыныстың авторы көрнекті ағартушы, ғалым, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Қоңырқожа Қожықов болатын.

Қаланың атауы қалай берілгені туралы қызықты деректерді тарих ғылымдарының кандидаты, ғалым Хазретәлі Тұрсын «Алаш қозғалысының онтүстік қанаты» атты еңбегінде архивтік құжаттарға сүйене отырып баяндайды. Онда 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне Дінше Әділовтің берген жауабы келтірілген: «...Қожанов екеуіміз Есбол Табынбаевтың үйінде түстеніп отырдық. Съезд аяқталуға таяған кез. Сол сәтте республика үкіметі көшіп келген Ақмешіт қаласының атауын өзгерту мәселесі көтерілді. Жаңа астананы қалай атаймыз деген сауал туы. Сонда ғалым-ағартушы Қоңырқожа Қожықов «Қызылорда» деген атауды ұсынды. Біз одан «Неліктен бұл атау?» деп сұрадық. Ол: «Қос мағынасы бар сөз. «Қызыл» – большевиктерге ұнайды, ал «орда» – ұлттық астана атауы. Екі тарап та қарсы бола алмайды», – деп жауап берді. Біз бұл ұсынысты қолдадық. Сұлтанбек Қожанов съезде кезексіз сөз алып, екі ұсыныс жасады: біріншісі – Қырғыз Республикасын Қазак Республикасы деп атау, екіншісі – Ақмешітті Қызылорда деп өзгерту. Екі ұсыныс та бірауыздан қабылданды».

Қызылорда атауының авторы – Қоңырқожа Қожықов екені тарихи тұрғыдан нақты дәлелденіп отыр. Ақмешіттің Қызылорда және ел астанасы болғанына ғасыр толуына орай, Қоңырқожа Қожықов туралы оның немересі, мәдениеттанушы, Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі, «Әділет» республикалық тарихи-ағарту қоғамының атқарушы директоры Сауле Құлахметқызы Қожықовамен сұхбаттасқан едік.

2-3-БЕТТЕРДЕ

Су бар жерде тіршілік бар. Сол тіршіліктің тынысын ашып, тамырына су жеткізетін еңбек иелері халықтың қамын ойлап, жолында табан ет, маңдай терін жұмсап жүр. Кейде олардың еңбегі көзге көрінбей, аты аталмай қалады. Алайда елеусіз көрінген сол жандарсыз бір күн де өмір сүре алмайтынымыз анық. Міне, сондай жандардың бірі аяқсу жүйесіне жан бітіріп, ел ырысын еселеп жүрген су мамандары. Олар тапмен таласа тұрып, кешке дейін гүрілдеген мотордың қасында еңбек етеді. Жұмысының қиындығына қарамастан бұл кісілер судың сағасын тоқтатқан емес.

Осы салада қаншама уақыт еңбек етіп келе жатқан маманның бірі – Нұрлан Асқаров. Қала көшелерінде сылдырап аққан су, қала аймағындағы жер үйлердің ауласына баратын аяқсу осы кісінің еңбегімен тікелей байланысты десек артық айтқандық емес. Су сорғыны қосып, су жіберу. Қарапайым жеңіл естілгенімен, жүйелі бақылауды талап ететін аса маңызды іс. Әр көшенің өз реті бар. Ал осы жүйенің бәрін қадағалап, судың қысымын өлшеп, су тартқыш қондырғыларын дер кезінде қосып, өшіру Нұрлан мырзаның күнделікті қызметі.

– Су сорғыны қосқанда жай ғана батырманы баса салмаймыз. Әуелі жүйені тексеріп, судың бағыты мен деңгейін есепке аламыз. Кей жердің қысымы

МҰРАП



жеткіліксіз болса, енді бір жерлерге артық кетіп қалуы мүмкін. Сол үшін бәріне бірдей қарай алмайсың, бірақ біз сол үшін тырысып, еңбек етеміз. Ұқыптылық керек, – дейді Нұрлан Асқаров.

Бұл жұмыста мезгіл деген болмайды. Кейде таннан тұрып, кейде кешке дейін жүріп қалады. Су тоқтап қалса, тұрғындар дереу хабарласады. Нұрлан аға сол сәтте басқа шаруаны тастап, су жүйесін реттеуге асығады. Кейде су тартқыш құрылғы қысымды көтермей қалады, кейде тоққа қатысты ақаулар туындайды. Осындайда ол мәселені техникалық жағынан шеше біледі.

– Бір қарағанда елеусіз мамандық сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ біз отбасымыздың нәпақасын адал еңбектің арқасында тауып жүрміз. Адал еңбекпен тапқан табыс қашан да берекелі болмақ. Өзім осы мамандығыммен мақтанамын. Елге керек істің басында жүргеніме қуанамын, – дейді білікті маман.

Нұрлан Асқаров секілді жұмысшы мамандардың еңбегі күнделікті тіршіліктің тынысы. Су халыққа қажет, ал сол судың уақытылы жетуі осындай мамандардың маңдай терімен атқарылып жатқан іс. Көпке көрінбесе де, бұл қызметтің қоғамдағы орны ерекше. Ел Президенті 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекер жариялаған жоқ. Бұл – қарапайым еңбек адамын елеу, құрметтеу деген сөз. Адал еңбектің абыройы қашанда биік болмақ.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

СӘН МЕН САПА – ҚАЛА КӨРКІНІҢ КЕПІЛІ

Бүгінде қала келбеті күннен-күнге ажарланып, жаңаша сипатқа ие болып келеді. Облыс орталығында көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңғырту, аулаларды абаттандыру, балалар ойын алаңдарын қайта жөндеу секілді ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл игі бастаманың барлығы аймақ басшылығының тікелей қолдауымен жүзеге асып жатқан жобалардың жемісі.

4-БЕТТЕ



Сәуле ҚҰЛАХМЕТҚЫЗЫ, «Әділет» республикалық тарихи–ағарту қоғамының атқарушы директоры, мәдениеттанушы, Қазақстан Суретшілер одағының және кинематографистер одағының мүшесі:

ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ЕЛ ҮШІН ЕТКЕН ЕҢБЕГІ

– Сәуле Құлахметқызы, Қызылорда атауының авторы сіздің атаңыз Қоңырқожа Қожықов екені белгілі. Оқырмандар үшін оның өмір жолы мен халқына сіңірген еңбегі туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

– Қожықовтар әулеті – республикаға танымал, аты ел есінде сақталған зиялы әулет. Қоңырқожа Қожықовтан бастап, оның ұрпақтары қазақ өнері, мәдениеті мен білімінің дамуына зор үлес қосты. Менің атам Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында қарапайым мал дәрігерінің отбасында дүниеге келген. Жағдайы аса ауқатты болмағанымен, әкесі Қожық баласына заманына сай терең білім беруге күш салған. Бұл сол кезең үшін өте сирек жағдай еді. Қоңырқожа төрт жылдық орыс-түзем мектебін алтын медальмен тәмамдап, 1900 жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын аяқтап, халық мұғалімі дипломын алған. 1905 жылы Қоңырқожа Сералы Лапиннің әкесі Мұнайтпас Лапиннің ауылына келіп, мектеп ашу ісіне кіріседі. Ол патша өкіметінің тұсында жергілікті өзін-өзі басқару құрылымында қызмет атқарып, ресми шенді болған. Сол кездегі тәртіп бойынша, шенеуніктер арнайы форма киіп жүрген. Қоңырқожа мундирімен ауылға келгенде, тұрғындар оның келбеті мен киіміне таңданып қараған екен. Көп ұзамай Перовск уезінің №5 ауылында (қазіргі Қоғалыкөл) төрт жылдық мектеп ашылды. Жас мұғалім өз шәкірттерін ауыл-ауылды аралап жинауға мәжбүр болды. Бұл мектепте алғаш рет қыз балалар да білім ала бастады. Сол оқушылардың қатарында кейін оның жары болған менің әжем, Мұнайтпас Лапиннің қызы Ләтіпа да бар еді. Ләтіпа Қоңырқожаның алтын түймелі формасына сүйсініп, оны әзілдеп «алтын түймелі ұстаз» деп атаған. Екеуінің арасында махаббат оты тұтанып, алайда қосылуына көп кедергі болады. Себебі сол кезде Ләтіпа дәулетті адамға атастырылып, қалыңмалы да төленіп қойылған еді. Жастардың махаббаты үшін күресі екі рудың арасында үлкен дауға, тіпті қақтығыстарға ұласты. Ақыры қос ғашық ауылдан қашып шығып, Перовск қаласына қоныс аударды. Мұнда Қоңырқожа теміржолшыларға арналған кешкі мектепте ұстаздық ете бастады. Алайда 1905 жылдың наурыз айында патша өкіметіне қарсы шыққан теміржолшылардың ереуіліне қатысқаны үшін Қоңырқожа тұтқындалып, теміржолшылармен бірге түрмеге қамалады. Бостандыққа шыққаннан кейін Қожықовтар отбасы Түркістан қаласына көшеді.

– Қоңырқожа Қожықовты ағарту саласында айрықша орын алатын «Әліппе» оқулығының алғашқы авторы деп айтуға бола ма?

– Иә, Қоңырқожа Қожықов «Әліппені» 1912 жылы Орынбор қаласында «Каримов, Хусайнов және К» типографиясына бастырған. Бұл еңбек ол Қарнақ орыс-түзем училищесінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген кезінде жарық көрген. Патша үкіметінің шенеунігі бола тұра, Қоңырқожа Қожықов өз лауазымын қазақ тілі мен ағартушылық бастамаларды жергілікті халық арасында насихаттау үшін пайдалана білді. Қазақ мектептеріне арналған Қоңырқожаның алғашқы «Әліппе» оқулығы қазақ тілінде сауат ашу мақсатында балаларға арналған алғашқы оқулықтардың бірі болды. Бұл оқулық балаларды бастапқы деңгейде оқуға және жазуға үйретуге арналды және сол кезеңдегі білім беру жүйесінде маңызды құрал болды. Қоңырқожа Қожықов «Әліппе» оқулығын қазақ тілінде жазып, сол кездегі араб жазуын жеңілдетіп, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін жеткізуге бейімдеген. XX ғасырдың басында қазақ жазбасы араб әліпбиіне негізделген болатын, бірақ онда қазақ тіліне тән кейбір дыбыстарды жазу мен оқу қиындық тудыратын. Қоңырқожаның маңызды еңбектерінің бірі – білім беру жүйесінде классикалық араб тілінен ана тіліміздегі, шағатай әдеби мұрасына сүйенген қазақ жазба дәстүріне көшуге жағдай жасау болды. Бұл оның қазақ жазуының дамуы мен ұлттық сананың нығаюы жолындағы маңызды қадамы еді. Осы мақсатта ол араб жазуын жеңілдетіп, артық күрделіліктерді алып тастап, қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылымын нақты жеткізе алатын таңбалар енгізді. Бұл әдіс сауат ашу үдерісін жеңілдетіп, оны анағұрлым тиімді етті. Қоңырқожа Қожықовтың «Әліппе» оқулығы дыбыстық әдіске негізделген болатын. Бұл әдіс дыбыстарға, олардың талдауы

мен біріктіруіне назар аудартатын тәсіл. Бұл оқушыларға тіл құрылымын жақсы түсініп, оқу мен жазу дағдыларын жетілдіруге көмектесті. Дыбыстық әдіс қазақ тілі үшін өте пайдалы болды, себебі ол тілдің фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, балалар мен ересектердің білім алуын жеңілдетті.



– Қоңырқожа Қожықов «Әліппесінде» қолданған әдістеме қандай негізге сүйенді?

– Қоңырқожа Қожықов өз «Әліппесінде» қолданған дыбыстық әдісті Исмаил Гаспринскийдің еңбектерінен шабыт алып жасаған. Исмаил Гаспринский XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жәдишшілік қозғалысының негізін қалаушы болып саналады. Жәдишшілік (араб тіліндегі «жәдид» – «жаңа» деген сөзден шыққан) білім беру, мәдениет және қоғамдық өмірді реформалауға бағытталған. Бұл – Исмаил Гаспринский идеяларының ағартушыларды өздерінің білім беру әдістемесін жасауға қалай шабыттандырғанын көрсетеді.

– Қоңырқожа Қожықов осы әдісті қазақ қоғамына қалай бейімдеді? Оның тәжірибесі білім беру жүйесіне қандай жаңалық әкелді?

– Қоңырқожа Қожықов бұл әдісті қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеді, бұл қазақ халқы үшін білім алуды қолжетімді әрі тиімді етті. Оқыту үдерісін айтарлықтай жеделдетіп, дәстүрлі әдіспен салыстырғанда оқу мерзімін екі, үш, кейде төрт есеге дейін қысқартты.

«Әліппе» оқулығын дайындау барысында ол өзбек драматургі, публицист және жәдишшіл Махмұдкожа Бехбудимен бірлесіп, мектепке арналған жаңа әдістемелік оқыту нұсқаулығын жасады. Олардың ынтымақтастығы мектептерде оқытуға арналған әдістемелік ұсыныстарды қалыптастыруда маңызды қадам болды. Қоңырқожа Қожықов тек мұғалім ғана



емес, сонымен қатар оқыту жүйесін әзірлейтін маман-әдіскер де болды. Ол «Әліппені» жай ғана жазып қойған жоқ, жаңа әдістемелік мектептің артықшылығын түсіндіретін арнайы брошюра да дайындады.

Атам Түркістан өлкесінде білім беру мен мәдени іс-шараларға белсенді қатысқан. Ол Сырдария губерниясында мектеп инспекторы болып жұмыс істеп, Түркістан, Перовск және Әндіжан сияқты қалалардағы қазақ-орыс

училищелері мен мектептерінде сабақ берген. Оның қызметі қазақ халқы арасында білім мен ағартушылықты дамытуға, мектептер ашуға және жаңа оқыту әдістерін енгізуге бағытталған еді.

Алайда Қоңырқожа Қожықовтың «Әліппе» оқулығы оның маңыздылығына қарамастан, тарихи және саяси себептерге байланысты ұмыт қалды. Біріншіден, кеңестік кезеңде қазақ ағартушыларының еңбегі, оның ішінде Қожықовтың да еңбектері сол кезеңнің идеологиясына сай жаңа оқу материалдарымен алмастырылды. Екіншіден, қазақ зиялыларына жасалған репрессиялар мен саяси қуғын-сүргіндер де олардың еңбектерінің лайықты бағасын алмауына себеп болды.

Сонымен қатар қазақ тілінің араб графикасынан латынға, кейін кириллицаға көшуі араб жазуымен жазылған оқулықтарды пайдалануды қиындатып жіберді. Бәлкім, осы себептерге байланысты Қожықовтың «Әліппесі» ұмыт қалған шығар.

– Қоңырқожа Қожықов өз еңбектерінде Романовтар әулетінің білігіне қатысты қандай тарихи тақырыптарды көтерді?

– 1912 жылы Орынбор қаласында Қоңырқожа Қожықов, Шәді Жәңгірұлы және Ғалияскер Қасымовпен бірлесіп, Фатих Каримовтың баспасынан («Каримов, Хусайнов және К») типографиясы) «Романовтар әулетінің билік ету тарихы туралы тарихи дастан» атты поэма шығарған. Бұл шығарма тарихи эпос ретінде жазылған. Поэма жарық көрген кезде атам патшалық шенеунік қызметін атқарып жүрген болатын. Оның қазақ зиялылары Шәді Жәңгірұлы және Ғалияскер Қасымовпен бірлесіп жұмыс істеуі сол кезеңде оның әкімшілік қызметпен қатар, мәдени-ағартушылық өмірге де белсенді қатысқанын көрсетеді. Поэманың жарық көруі қазақ ағартушыларының тарихи деректі туған тілінде кең аудиторияға жеткізуге ұмтылғанын байқауға болады. Шығарма Романовтар әулетінің билігіне қатысты тарихи оқиғаларды бейнелеген. Бұл туындыда Ресей тарихындағы маңызды, әрі ауқымды оқиғаларды, халқының тарихымен байланысты жайттар қамтылған. Кейіннен, репрессия жылдары Романовтар әулетіне арналған поэманың жарық көруі Қоңырқожа Қожықовқа қарсы айыптау ретінде пайдаланылды. Бұл поэманы жазу арқылы Қожықов патшалықты дәріптеуші болды деп қамауға алынды.

– 1917 жылғы өзгерістер кезінде Қоңырқожа Қожықовтың қоғамдық-саяси өмірге қосқан үлесі қандай болды?


– Қоңырқожа Қожықов 1917 жылғы революция кезінде қоғамдық-саяси өмірдің белсенді қатысушысы болды. Ол Түркістан өлкесінің жергілікті халқының мүддесін қорғауға бағытталған түрлі іс-шараға қатысты. 1917 жылы Қоңырқожа Қожықов Түркістандағы алғашқы «Уақытша үкімет» Қоқан автономиясының басқару құрамына кіріп, Әндіжан уезінде оның учаскелік комиссары болып тағайындалды. Кейін ол Қоқан қаласындағы «Автономияның» жауапты хатшысы қызметін атқарды. Ақпан революциясынан кейін ол Ферғанадағы қазақтардың мүддесін қорғау мақсатында құрылған «Көшпенді» атты қоғамдық ұйым құрып, жетекшілік етті. Бұл қоғам саяси тұрақсыздық жағдайында қазақ халқының құқықтары мен мүдделерін қорғаумен айналысты. Оның бұл кезеңдегі қызметі саяси жүйеде түбегейлі өзгеріс болып жатқан уақытта қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтау мен ұлт мүддесін қорғауға деген ұмтылысын көрсетті.

– Қоңырқожа Қожықовтың ұстаздық қызметіндегі ең үлкен үлесі не деп есептейсіз?

– 1919 жылы Ташкентте Түркістан өлкелік ерлер және әйелдер педагогикалық курстарының меңгерушісі болды, кейін бұл курстардың негізінде құрылған халық ағарту институты – Кириппроста жұмыс істеді. Бұл мекеме болашақ мектеп мұғалімдерін даярлайтын орталыққа айналды. Кейін бұл оқу орны Қазақ өлкелік халық ағарту институты деп аталды. Институт жоғары оқу орны мәртебесіне ие болып, ұлттық педагог кадрларды даярлау орталығына айналды. Оның білім беру мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесі, әсіресе жаңа қоғамдық құрылымдар қалыптасып жатқан күрделі кезеңде аса маңызды болды.

1922 жылы Қоңырқожа Қожықов ғылыми және ағартушылық қызметпен белсенді айна-

лысты. Атам орыс тілімен қатар парсы, араб және басқа да тілдерді жетік меңгерген. Ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған еңбек жазды, соның ішінде Орхон жазулары мен Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Келіншектас және Ақтас секілді ежелгі ескерткіштер жайлы зерттеу жүргізді. Сонымен қатар ол араб, парсы және шағатай тілдеріндегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақ тіліне аударған. Қоңырқожа Қожықов өлке мен Орта Азия тарихына қатысты энциклопедиялық білім жинаған. Бұл білім оған өңірдің мәдени және тарихи ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Бұл тек ұстаздық қызметте ғана емес, басқа да қоғамдық жұмыста көмектесті. Ол Әулиеатадағы жер бөлімінде қызмет атқарды, Жетісудағы көне қорғандар мен тарихи ескерткіштерді зерттеу және қазба жұмыстарымен айналысты. Сонымен қатар аймақтың мәдени мұрасын сақтау ісіне де белсене қатысқан. Қоңырқожа



Қожықов жер бөлу, су пайдалану және шаруашылық ұйымдастыру жөніндегі шараларға белсенді араласып, ТүркЦИК құрамына енді, оның президиумының және бірқатар комиссиялардың мүшесі болды. Қоңырқожаға Қазақстанның түкпір-түкпіріне жиі іссапарға шығуға тура келді. Оған қазақ халқының тұрмысы, жер мен су пайдалану жайын білетін тәжірибелі маман ретінде ең күрделі мәселелер сеніп тапсырылатын.

– 1930-жылдары Қоңырқожа Қожықов тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен қорғау бағытында қандай маңызды іс атқарды?

– Қоңырқожа Қожықов Алматы қаласында өзі ұйымдастырған көне мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитет арқылы «Казкомстарис» археологиялық мұраларын сақтау бағытындағы жұмыстарын белсенді түрде жалғастырды. 1935 жылы оның «Ең көне Жетісу ескерткіштері» атты қызықты зерттеу жұмысы жинақ болып жарыққа шықты. Бұл еңбектер Қоңырқожа Қожықов пен Санжар Асфендияров екеуі бірлесіп ұйымдастырған Қазақ ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институты арқылы жарық көрді. Ол бұл институтта ғылыми хатшы қызметін атқарды. Сонымен қатар ол ұлттық кітапханада жұмыс істеп, көне жазба мұраларды жинау мақсатында экспедиция жасап, кітапхана қорын баға жетпес қолжазбалармен толықтырды. 1930 жылдардың ортасынан бастап менің атам Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау ісімен белсенді түрде айналысты. Ол еліміздің оңтүстік аймағындағы ескерткіштерге қатысты археологиялық материалдарды тіркеу, қорғау, қалпына келтіру және жинақтау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізді. Көне жәдігерлерді қамтитын бірегей Атлас картасын жасады. Бұл картада Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар қаласының орны, көне Сайрам қаласы, сондай-ақ обалар, жартас суреттері, тас мүсіндер мен басқа да құнды жәдігерлер қамтылған. Ол түркі әлемінің қасиетті мұрасы саналатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтауға ерекше көңіл бөлді. Оның осы бірегей ескерткішті қорғауға бағытталған бастамалары болашақтағы мемлекеттік реставрация және сәулеттік мұраны қорғау бағдарламаларының негізіне айналды.

– Саяси қуғын-сүргін жылдары Қоңырқожа Қожықовтың тағдыры қалай болғаны тарихтан бәрімізге белгілі...

– Атам 1938 жылы саяси қуғын-сүргін кезінде «халық жауы» ретінде айыпталып, тұтқындалды. Өкінішке қарай, сол жылы-ақ

ату жазасына кесілді. Кейінірек, 1957 жылы ол толық ақталды. Алайда ақталуына қарамастан, оның педагогикалық, әдеби және қоғамдық-саяси мұрасын зерттеу бүгінге дейін жеткілікті дәрежеде жүргізілген жоқ және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті деңгейде насихатталмады. Соның салдарынан уақыт өте келе оның есімі ұмыт қалды.

– Ләтіпа Қожықованың Қоңырқожа Қожықовтың өміріндегі ролі қандай болды? Әженіз туралы оқырмандарға қандай қызықты деректер айтып бере аласыз?

– Ләтіпа Қожыкова көрнекті қазақ суретшісі, киім дизайнері және сәндік-қолданбалы өнер шебері болған. Ол 1892 жылы Сырдария өңірінде дүниеге келген. Әжем мінезі қайсар, ержүрек әйел болған. Ол Қоңырқожа Қожықовтың өмірінде үлкен рөл атқарды – тек жары ғана емес, сенімді тірегі, өмірлік серігі болды. Қиындықты барлығын бірге көтеріп, ауыр кезеңдерде отбасының барлық

жауапкершілігін өз мойнына алды. Себебі атам көбіне үйде болмайтын, бірнеше рет тұтқындалып, ұзақ уақыт тергеу мен түрмеде отырған. Соған қарамастан, әжем ешқашан жасымай, батылдық танытты. Атам патшалық шенеунік қызметінен айырылып, жұмыссыз қалған кезде отбасы ауыр жағдайға тап болды. Сол уақытта барлық ауыртпалықты көтеріп, әжем отбасының қамқоршысы болды. Оның қолөнері, әсіресе тігіншілік шеберлігі жалғыз табыс көзіне айналды. Ол балаларды асырап, шаңырақты сақтап қалу және қиын-қыстау заманда күйеуін демеп отыру үшін табыс табуға бар күшін салды. Қожықовтар отбасындағы бала-шаға, туыстар мен таныстарды асырау үшін әжем тақия, малакай, шапан тігіп, табыс тапты. Уақыт өте келе костюмдер тігу оның сүйікті кәсібіне айналды. Ол Қызылордадағы алғашқы қазақ ұлттық драма театрында суретші-декоратор, костюмер және сценарграф ретінде еңбек етті. Қожықовтар отбасы ұлт театры мен өнерінің дамуына зор үлес қосты. 1925 жылы театрда Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» пьесасы сахналанып, бұл оқиға қаланың мәдени өмірінде елеулі жаңалық болды. Дәл осы кезде менің әжем Ләтіпа Қожықова спектакльге арнап костюмдер тікті. Балалары анасының шығармашылық жұмысына қолғабыс етіп жүрді. Жасөспірім кезінде менің ағам Қожахмет пен әкем Құлахмет анасына «Қаракөз» қойылымының декорацияларын әзірлеуге көмектескен екен. Осы спектакльге қатысу олардың шығармашылық жолының бастамасы болды. Ләтіпа Қожыкова қазақ сахнасының танымал тұлғалары Қ.Жандарбеков, К.Байсейітова, У.Тұрдықұлова, А.Ненашев және Е.Брусиловскиймен бірге «Айман-Шолпан», «Шұға», «Ер Тарғын» секілді алғашқы қазақ операларының қойылымдарына қатысты. Ол мемлекеттік академиялық театрда қызмет атқарып, костюмерлік және тігін цехтарын басқарды. Осы кезеңде ол мыңнан астам сахналық костюм тіккен. Бұл костюмдер театр қойылымдарының ажырамас бөлігіне айналып, сол заманның рухы мен кейіпкерлердің болмысын, қазақ тұрмысын шынайы, дәл жеткізуге көмектесті. 1936 жылы Ләтіпа Қожыкова қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысып, костюмдер әзірледі. Бұл қазақ өнерінің бүкілодақтық деңгейде жетістіктерін көрсетуге бағытталған ауқымды мәдени шара болды. Онкүндіктің негізгі қатысушыларының бірі – Қазақ музыкалық театры «Қыз Жібек» пен

ӘЛІ ДЕ НАСИХАТТАЛСА ДЕЙМІН

«Жалбыр» музыкалық драмаларын сахнаға шығарды. 1958 жылы Ләтипа бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) колөнер бұйымдарын, ұлттық ою-өрнектермен безендірілген қол еңбегі туындыларын ұсынды. Солардың ішінде қазақ киіз үйі көрменің басты сәніне айналып, көшпелі қазақ мәдениетінің символы болды. Қазақ суретшісі, кескіндемеші, портретші Мария Сергеевна Лизогуб «Халық шебері» атты сурет салып, онда Ләтипа Қожықованы бейнеледі. Бұл бейне кездейсоқ таңдалған жоқ, Ләтипаның Қазақстандағы көркемдік дәстүрлердің дамуына қосқан үлесі орасан. Оның жұмысы бірнеше рет көрмелерде көрсетілген, ал есімі өнерге адалдықтың символына айналды. Әжем 100-ден астам бірегей ою-өрнекті туынды жасады, бүгінде олар Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Будапешт және Вашингтон музейлерінде сақтаулы. Оның бір костюмі Франклин Рузвельтке сыйға тартылып, қазіргі уақытта АҚШ-тағы мұражайда сақтаулы тұр.

– **Ұлттың жарқын болашағы үшін күрескен Қоңырқожа Қожыковтың ісін оның ұрпақтары қалай жалғастырды?**

– Қоңырқожа Қожыковтың ұлдары атамыздың ісін абыроймен жалғастыруға тырысты. Олардың әрқайсысы қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосты. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш әрі зор жауапкершілік. Үлкен ұлы Қожахмет – суретші-график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Ол өнерде карикатура мен плакат жанрын қалыптастырған шебер. 1925-1927 жылдары Мәскеуде Шығыс халықтарына арналған дайындық курсында оқыды. 1931 жылдан бастап Қазақстанның орталық музейінде және Ұлттық мәдениет институтында суретші және Қазақ драма театрында да еңбек етті. Қожахмет жазушы Николай Ановтың Орта Азия тарихына арналған «Ақмешіт» романын суреттеп, көркем туындымен қатар балалар кітабын да безендірді. Алайда 1938 жылы Қожахмет тұтқындалып, бостандыққа



шықты. Өкінішке қарай, ауыр дертке шалдығып, 44 жасқа жетпей, өмірден озды. Талантын толық жүзеге асыруға мүмкіндігі болмады.

Екінші ұлы Құлахмет – менің әкем, кеңестік қазақ театр және кино суретшісі, график, сценарист. 1942 жылдан бастап КСРО Суретшілер одағының мүшесі. 1958 жылдан бастап КСРО Кинематографистер одағының мүшесі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер. 1934-1936 жылдары ол Ленинградтағы М.Горький атындағы драма театр жанындағы театр-көркемөнер студиясында тағылымдамадан өтіп, сценограф-суретші мамандығын алды. 1938 жылдан бастап Алматыда жұмыс істеп, Қазақ драма театрының бас суретшісі болды. Осы кезеңде ол «Қызыл сұңқарлар», «Отелло», «Хан Кене», «Еңлік-Кебек», «Абай», «Мстислав Удалой» сынды 20-ға жуық спектакльге көркемдік безендіру жасаған. Соғыстың алғашқы жылдарында «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиялары Алматыға эвакуацияланды. 1941 жылы Алматыда Орталық біріккен кино студиясы (ОБКС) құрылып, соғыс жылдарында Кеңес Одағының басты



киноөндіріс орталығына айналды. Бұл студия соғыс кезіндегі фильмдер түсіріліміне арналған манызды алаң болды және сол кезеңдегі кеңестік кинематографияның дамуына ерекше ықпал етті.

1942 жылдан бастап Құлахмет Қожыков ОБКС киностудиясында суретші ретінде жұмыс істеп, бірнеше фильмнің жасалуына қатысқан. Әкем көрнекті кеңес режиссері Сергей Эйзенштейнмен де шығармашылық байланыста болды. Эйзенштейн оны бір туындысына шығыс тұрмысы бойынша кеңесші ретінде шақырған. Сонымен қатар Құлахмет Қожыков театр және кино режиссері Григорий Рошальмен бірге «Абай әндері» фильмінде суретші-қоюшы болып еңбек етті. Режиссер Вера Строевамен бірге «Алып туралы ән» фильмін түсіруге атсалысты.

ОБКС киностудиясында түсірілген фильмдер маңызды идеологиялық міндет атқарды. Олар жауынгерлік рухты көтеріп, ерлікке шақырып, қаһарман бейнесін қалыптастырды. Бұл картиналар экран арқылы майдан мен тылдағы кеңес халқы бірлік пен күреске үндейді. Сол кезеңде түсірілген фильмдер ерлік пен Отанға адалдықты, әйелдер мен балалардың еңбек майданындағы жетістіктерін дәріптеді. Олар халықтың патриоттық тәрбиесі мен моральдық рухын көтерудің қуатты құралына айналды.

– **«Қазақфильм» киностудиясының қалыптасуына Құлахмет Қожыков қандай үлес қосты?**

– Осы студия негізінде Қазақ көркем фильмдер киностудиясы құрылып, кейін қазақ кино өнерінің дамуына негіз қалап, заманауи киноиндустрияның іргетасын қалады. 1960 жылы бұл студияға Шөкен Айманов есімі беріліп, «Қазақфильм» киностудиясы деп аталды.

Құлахмет Қожықов 1943 жылдан бастап 1970 жылдарға дейін «Қазақфильм» киностудиясында бас суретші-қоюшы болып еңбек етті. Ол алғашқы фильмдердің декорациясын, көркемдік безендіруін және костюмдерін әзірлеуге белсенді қатысты. Оның «Дала батырлары», «Домбыра сазымен», «Абай әндері», «Жамбыл» (алғашқы нұсқасы), «Бұл Шу бойында болған еді», «Біз Жетісуданбыз», «Қорытпа», «Менің атым – Қожа», «Атамекен», «Гауһартас» секілді фильмдердің көркемдік стилін қалыптастыруға қосқан үлесі зор болды. Құлахмет Қожықов Шөкен Айманов түсірген «Алдар Көсе» фильмінің де суретші-қоюшысының бірі болды. Фильмнің түсірілімі Түркістанда өтті, басты мақсаты – көне шығыс қаласының атмосферасын экранда шынайы көрсету еді. Әкем ұлттық тұрмыс пен сәулет өнерін жетік менгерген маман ретінде сол дәуірдің рухын дәл жеткізіп, шығыс базарының қызу тіршілігін экранда шебер көрсете білді. «Алдар Көсе» фильміндегі тарихи шынайылық пен көркем безендіруге қатысты оның үлесі өте маңызды болды. Құлахмет Қожықов тек театр мен кино саласында ғана емес, кітап иллюстрациясы саласында да белсенді еңбек етті. 1950 жылдары ол «Қазгосиздат» (Қазақстан мемлекеттік баспасы) баспасының бас суретшісі қызметін атқарып, қазақ және әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларына иллюстрация жасады. Олардың қатарында

Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Тарас Шевченко, Мұхтар Әуезов бар.

Құлахмет Қожыков 1958 жылы жарық көрген «Қазақтың колөнері» атты ғылыми-көпшілік фильмнің сценарий авторы болды. Бұл туынды – оның қазақ мәдениеті мен дәстүріне деген терең білімі мен құрметінің көрінісі. Сонымен қатар ол «Қыз Жібек» түсірілімінің бастапқы кезеңінде алғашқы суретші-қоюшы ретінде жұмыс істеді. 1970 жылы Алматыда республикалық колданбалы өнер музейінің негізін қалап, оның тұңғыш директоры болды. Әкемнің жұмыстары Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде және басқа да өнер топтамаларында сақтаулы. Ол қазақ театр-кино декорациялық өнерінің негізін қалаушылардың бірі және ұлттық кинематографияның дамуына зор үлес қосты.

Үшінші ұлы – Нұрахмет – қазақстандық мүсінші және график. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Нұрахмет ауыр жараланып, бірінші топтағы мүгедек болды. Соған қарамастан, өнер жолын тастамай, мүсін жасады. Отан қорғаушыларға арналған туындысында ол анасының бейнесін сомдады. Майданнан алған жарақат оның шығармашылық мүмкіндігін толық жүзеге асыруына мүмкіндік бермеді.

Ең кенже ұлы – Сұлтан-Ахмет – көрнекті қазақ кинорежиссері, сценарист және екінші дүниежүзілік соғыс ардагері. Сұлтан-Ахмет соғысқа 18 жасында аттанып, 8-гвардиялық Панфилов дивизиясының құрамында қызмет етті. Соғыс аяқталған кезде гвардия капитаны шеніне жетті. Соғыстан кейін ағасы Құлахметтің кеңесімен Мәскеудегі ВГИК-тің режиссура факультетіне түсіп, әйгілі Александр Довженконың шеберханасында білім алды. Ол қазақ киносының ең танымал туындысының бірі – «Қыз Жібек» фильмінің авторы. Қазақ киносының дамуына қосқан үлесі үшін Сұлтан-Ахмет Қожықов Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығына және Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері атағына ие болды. Сұлтан-Ахмет Қожыков өмірінің соңына дейін «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс істеп, оның шығармашылығы ұлттық киноның алтын қорына енді. Қоңырқожа Қожықов қазақ тарихында із қалдырған тұлға. Оның ғылыми еңбектері, білім беру ісіне қосқан үлесі мен мәдени мұраны зерттеудегі еңбектері еліміздің рухани өмірінде өшпес із қалдырды. Тарихтың ауыр сынынан өтсе де, оның есімі бүгінгі ғылыми қауымдастыққа ағартушылық пен тарихи жадыны сақтау жолындағы адалдықтың символы ретінде қайта оралып отыр. Бүгінде атам Қоңырқожаның еңбектерін зерделей отырып, біз ғалымға, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткеріне құрмет көрсетіп қана қоймай, ұрпақтар арасындағы байланысты да нығайтамыз. Оның тарихтағы орны маңызды, әрі әлі де терең зерттеуді, насихаттауды қажет етеді. Себебі келешек ұрпақ оның еңбегінің құндылығын толық тануы тиіс. Оның идеялары мен білімге деген ұмтылысы жаңа буын зерттеушілерін шабыттандыра түседі.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Әңгімелескен **София ХАЙРУЛЛА**
Суреттер Сәуле Қожықованың жеке мұрағатынан

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан электронды үкімет веб порталы (e.license.kz) және мекеме арқылы жеке және заңды тұлғаларға төменде көрсетілген кестеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуде.

р/с	Қызмет түрлері	Бекітілген стандарттар	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Қызмет көрсету мерзімдері
1	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 21 шілдедегі № 233 бұйрығы.	1) өтініш; 2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭУТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 3) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлкіті мұраға алу құқығы туралы құжаттар,кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар 4) жаңа және жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе олардың техникалық регламенттің 6-бабына сәйкестігін растайтын басқа да құжат	1 жұмыс күні
2	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнаулы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы № 153 бұйрығы.	1) электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) тіркеу құжатының электрондық көшірмесі.	15 жұмыс күні
3	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 257 бұйрығы.	1) ауыл шаруашылығы өндірісіндегі тракторшы-машинист» мамандығы бойынша кәсіби даярлық туралы емтихан пунктінің оқыту курсы аяқтағаны туралы куәліктің көшірмесі 2)Салық кодексіне сәйкес бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растаушы құжат; 3)өлшемі 3,5х4,5 сантиметр ақ немесе түрлі-түсті фоны бар фотосурет	2 жұмыс күні
4	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 09 шілдедегі № 217 бұйрығы.	1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат, көрсетілетін қызметті алушының өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжат, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжат (бірдейлендіру үшін); 3)Салық кодексіне сәйкес кепілді тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат	2 жұмыс күні

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ — ҚОҒАМНЫҢ ҚАС ЖАУЫ

Сыбайлас жемқорлық — мемлекет пен қоғамның дамуына айтарлықтай кедергі келтіретін, қоғамдық сенім мен әділдікке нұқсан келтіретін күрделі құбылыс. Ол мемлекеттік басқарудың тиімділігіне, экономикаға, әлеуметтік тұрақтылыққа және жалпы азаматтардың өмір сапасына теріс әсер етеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу — тек қана мемлекеттік органдардың емес, қоғамның ортақ міндеті.

Талсұат ауылдық округінде осы мәселеге байланысты бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы аясында қызметкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы», «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» тақырыптарында мекемелер арасында кездесу ұйымдастырылып, «Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы сақтау» мен бюджеттік заңнамаларға қатысты арнайы семинар өткізілді. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша видеоролик көрсетіліп, ақпараттық түсініктеме берілді. Жиналыстар барысында қызметкерлерге пара алмау, бермеу және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеу ескертілді. Мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында арнайы бұрыш жасалды. Ғимараттың кіре берісінде өтініштер мен ұсыныстар жәшігі және Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «CALL center 1424» байланыс нөмірлері жазылған ақпараттық кітапшалар орналастырылды. Бұл шаралар мекемеде ашықтықты қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті тиімді жүргізуге бағытталған.

Ауылдық округтің А.Құнанбаев көшесіне «Жемқорлық — біздің заманымыздың ең үлкен індеті» тақырыбында билборд орнатылды.

Талсұат ауылдық округінің әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлықты анықтау бойынша талдау жұмысы жылына бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық — індет. Онымен күресу — тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғам міндеті.

Әрбір азамат заңға бағынуға, пара бермеуге және алмауға, әділеттілік пен адалдық қағидаларын ұстануға тиіс. Бұл — болашақтың алдында, жас ұрпақтың алдында біздің азаматтық, адамгершілік борышымыз.

Біз тек бірге әрекет еткенде ғана таза қоғамды, парасыз болашақты құра аламыз. Әр жүректе адалдық ұстанымы мызғымас ұранға айналуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен күрес науқан емес, мәңгілік миссия.

Ерлан БЕЙСЕНБАЕВ,
Талсұат ауылдық округінің әкімі

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗ

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу келдей болса, біреу ауру; біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса; біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді – бұлар неліктен, – десе біреу, сіздер айта-сыздар: құдай тағаланың жаратуынан, бұйрығынша болған іс деп.

Жә, олай болса, біз құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек кылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай кедей қылады екен. Ешкімге заласыз бір момынды ауру кылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, зальмның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір, екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен.

Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейіске шығарамын, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұйра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те – өзіңкі. Бұл қылғаның не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді.

Оны айыпты болады дей алмаймыз десек, ол сөзін құдай тағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырыскандығыменен не табады? Бәрін қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын еш нәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?

Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және де әрбір рас іс ақылдан жорықпаса керек. Жә, енді біз ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады, «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ.

СӘН МЕН САПА – ҚАЛА КӨРКІНІҢ КЕПІЛІ

Архитектуралық жаңашылдық пен заманауи дизайн үйлесім тапқан қала көшелері көз сүйсінтеді. Қала тынысына жаңаша леп беріп тұрғандай. Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында қалада атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Ең алдымен көпқабатты тұрғын үйлердің ауласындағы балалар ойын алаңдарын жанарту жүзеге асты. Бұл бағытта 25 тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Оның ішінде 15 көпкөпестілі тұрғын үйдің балалар алаңын мердігер мекеме «Азамат Құрылыс» ЖШС қайта жаңғыртса, 10 ойын алаңын «Авангард» ЖШС жөндеп берді.

Биыл да бұл игі бастама жалғасын табады. Атап айтқанда, қалада тағы да 20 балалар ойын алаңының құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, тиісті бюджеттік өтінім жолданды. Бұл бастама бүлдіршіндер үшін жасалып жатқан нақты қамқорлықтың көрінісі. Ал сапасы мен қауіпсіздігіне аса мән беріледі.


Көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жанарту ісі де қарқынды жүзеге асуда. 2024 жылы 20 тұрғын үйдің сырты толықтай жөнделіп, жаңаша кейіпке енді. Бұл жұмысқа «Асар» ЖШС және «BSG Инжиниринг» ЖШС жауапты болды. Ал 2025 жылы тағы 22 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттерін жаңғыртуға бюджеттен қаражат бөлініп, мердігер «PromExpertAstana» ЖШС жұмысын бастап кетті.

Басы 1-бетте

■ БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қызылорданың сол жағалауындағы сәулеті келіскен жаңа автовокзал өткен жылы пайдалануға берілді. Жалпы құны 975 миллион теңгені құрайтын бұл нысан бүгінде толыққанды жұмыс істеп тұр. Жолаушыларды алыс-жақын сапарларға жөнелтіп, заманауи талапқа сай қызмет көрсетуде. Жаңа автовокзалдың тыныс-тіршілігін көріп қайттық.

ҚҰНЫ – 975 МЛН ТЕНГЕ: Жаңа автовокзал өз бағасына сай ма?



САПА МЕН ТАЛАП

Мұнда жақындағаннан-ақ заманауи архитектура мен жаңа стильдегі жоба бірден көзге түседі. Гимарат іші де көңіл қуантады. Жолаушылар үшін барлық жағдай жасалған. Кең әрі жарық күту залы, ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт, жүргізушілерге арналған тынығу бөлмесі, асхана, гардероб, диспетчерлік бекет және жүк сақтау камералары, тіпті намаз оқитын бөлмеге дейін бар. Ең бастысы, бәрі де талапқа сай жұмыс істеуде. Ана мен бала бөлмесі таңғы 8:00-ден кешкі 21:00-ге дейін ашық. Бала мен ана үшін қажетті жабдықтар қарастырылған. Сондай-ақ жолаушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығы да басты орында. Гимарат ішіндегі медициналық пункт алғашқы көмек көрсету талабына сай жабдықталған. Жолға шығар алдында өзін жайсыз сезінген кез келген жолаушы бұл жерден тегін тексеруден өте алады. Асхана қызметі де іске қосылды. Санитарлық талаптар мұқият сақталып, өнімдердің жарамдылық мерзімі жіті бақыланады. Гимарат ішіндегі шағын дүкендерге де бас сұқтық. Мұнда баға қымбат емес екен, базар бағасымен бірдей.

Бүгінгі таңда жаңа автовокзалдан облысаралық және ауданаралық бағыттар

бойынша күн сайын бірнеше рейс қатынайды. Сонымен қатар халықаралық бағыт – Қызылорда-Ташкент арасындағы автобус рейсі де бар. Бұл бастама аймақта туризм мен экономикалық байланысты нығайтуға тың серпін береді, – десек болады.

Автовокзал күн сайын орта есеппен 200-ге жуық жолаушы қабылдайды. Сағат сайынғы қозғалыс бұл нысанның сұранысқа ие екенін көрсетеді.



Автовокзал ішіне бейнебақылау орнатылып, тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл – қоғамдық тәртіпті сақтауға арналған маңызды тетік. Сонымен қатар мүгедектігі бар жандарға арналған заманауи лифт те орнатылған. Бұл – инклюзивті орта құру жолындағы маңызды бастама.

– Ең бастысы – сапа мен талап. Біз жолаушылардың қауіпсіздігін де басты назарда ұстаймыз, – дейді Қызылорда автобус паркі директорының орынбасары Жансұлтан Елшекенов.

Жүргізушілерге де жақсы жағдай жасалған. Арнайы тынығу бөлмелері қарастырылып, рейс алдындағы демалыс уақыты қамтамасыз етілген. Әсіресе, алыс жолға шыққанда екі жүргізуші көлікті кезекпен жүр-

КОММУНАЛДЫҚ САЛАДА ТОЛАЙЫМ ІСТЕР БАР



Биыл Қызылорда қаласында жол құрылысы ерекше қарқынмен дамуда. Бұрынғы ой-шұқырлы көшелердің тактайдай тегіс. Таюуда ғана «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылы да жаңа келбетке ие болды. Мұндай іргелі жобалар жалғасын тауып келеді. Салаға бөлінген қаржы да қомақты. Бұл туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаев журналистермен жүздесуде айтты.

– Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында биыл 16,8 млрд теңгені құрайтын 17 жоба қолға алынып, соның ішінде 7,5 млрд теңгесі игерілген. Бұл қаржы республикалық, облыстық және қалалық бюджет есебінен бөлінген. Атап айтқанда, «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылы бойындағы «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автокөпір құрылысына 199,8 млн теңге қаралып, нысан маусым айында пайдалануға берілді. Сондай-ақ даңғылды кеңейту жұмыстары аяқталып, жобаның жалғасы ретінде Әбілқайырхан мен Саламатов көшелерін жалғайтын жаңа жолдың құрылысы жүргізілуде. Бұл жұмысқа «УАД» ЖШС мердігер мекемесі жауапты. Бұдан бөлек, ескі базар аумағында және қала ішіндегі бірқатар көшелерде де жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Мәселен, 11 көшеге 831,4 млн теңге бөлінген. Атап айтқанда, Әйтеке би, И.Тоқтыбаев, Училищная және И.Журба көшелерінің бөлігі қамтылған – дейді Жәнісбек Файзуллаев.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА



Қазіргі таңда қаланың әр түкпірінде ауқымды жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қаланың көркіне көрік қосқан бұл өзгерістерге тұрғындар дән риза.

– Осы 21 үйдің қасбеті жана дизайнмен жасалды. Жөндеу тек сыртқы қасбеттермен шектелмейді. Есік-терезе, балкон, кіреберіс жаңартылады. Бұл жұмыстарға барлығы 56 маман мен 20 техника тартылған. Қызметкерлердің қауіпсіздігіне аса мән берілген. Әрбір үйді толықтай жөндеуге шамамен екі апта уақыт жеткілікті. Ең бастысы, тұратын аумағымызды өзіміз ластамайық, – дейді «Ақмар и К» ЖШС жетекшісі Жансұлтан Бейсенов.

Жаңартылған ғимараттар қаланың сәулеттік келбетін көркейтіп қана қоймай, тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Жарамдылық мерзімі 10 жылға дейін жететін материалдармен жасалған бұл жұмыстар – болашаққа салынған инвестиция.

Қазіргі таңда Сыр өңірінің орталығы көркейіп, заманауи келбетке ие болуда. Сән мен сапа қатар өрілген бұл бастамаға ел қуанып, оң бағасын беруде. Қаланың болашағы бүгінгі қамқорлықтан бастау алады.

Айдана БАХТИЯР

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,
деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі
ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Айдана
БАҚЫТЖАНҚЫЗЫГазет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3880 Тапсырыс №1150

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА